

## **Халықаралық және қалааралық қатынастарда автомобиль көлігімен тасымалдауларды бақылау мен ақпараттық қамтамасыз етудің республикалық автоматтандырылған жүйесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 мамырдағы N 861

Халықаралық, қалааралық қалалық және қала маңындағы қатынастарда оның сенімді ақпараттық қамтамасыз етілуі, елдің және қазақстандық тасымалдаушылардың экономикалық мүдделерін қорғау негізінде автомобиль көлігі мен тасымалдаулар процесін тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің халықаралық және қалааралық қатынастарда автомобиль көлігімен тасымалдауларды бақылау мен ақпараттық қамтамасыз етудің республикалық автоматтандырылған жүйесін құру туралы (бұдан әрі - "АҚБЖ" жүйесі) ұсынысына келісім берілсін;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне "АҚБЖ" жүйесін әзірлеуге, тәжірибелік өндіру мен пайдалануға байланысты жұмыстарды бақылау және үйлестіру жөніндегі қызмет жүктелсін;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті телекоммуникациялар желісінің инфрақұрылымын пайдалана отырып "АҚБЖ" жүйесін құру жөніндегі кең ауқымды Бағдарламаны әзірлеуді қамтамасыз етсін және оны бекітсін;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Мемлекеттік кеден комитетімен келісім бойынша "АҚБЖ" жүйесінің жұмыс істеу принциптерін, шешетін міндеттерінің аясын, ақпарат ұсынудың режимдерін, сондай-ақ қызметіне байланысты басқа да мәселелерді реттейтін ол туралы Ережені бекітсін.

2. Қоса беріліп отырған Халықаралық, қалалық және қала маңындағы қатынастарда 2007 жылға дейін автомобиль көлігімен тасымалдауларды бақылау мен ақпараттық қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін құрудың тұжырымдамасы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі конкурстық негізде:

жұмыстардың бас атқарушысын;

"АҚБЖ" жүйесін несиелік-қаржылық қамтамасыз етудің бюджеттен тыс көздерін айқындасын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті, Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы, сондай-ақ басқа да мүдделі ұйымдар екі апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне "АҚБЖ" жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етуді

қалыптастыруға арналған өз ұсыныстарын табыс етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы "қазіргі заманғы телекоммуникация мен байланыс жүйелерін дамыту" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасының шеңберінде "АҚБЖ" жүйесін ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық әзірлеу мен сараптама жасауды қарастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мен Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы "АҚБЖ" жүйесін іске қосу үшін қажет радиотехникалық аппараттар мен қондырғыларды дайындау бойынша радиоэлектрондық бейіндегі отандық кәсіпорындарда конкурс жеңімпазының тапсырыстарын орналастыру мәселесін конкурстық негізде шешсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қаржы министрлігімен келісім бойынша:

"АҚБЖ" жүйесін пайдаланудың техникалық шарттарына сәйкес автомобиль жолдарының бойы мен автомобиль өтпелерінде орналасатын бақылау-диспетчерлік және автоматтандырылған бақылау пункттері, пайдаланушыларға ақпараттық қызмет көрсетудің операторлық қызметі

үшін қызметтік үй-жайлар мен ғимараттар бөлу;

"АҚБЖ" жүйесіне кіретін және жұмыстардың бас атқарушысының жарғы қорының кемінде 51 процентін құрайтын мүліктің мемлекеттік үлесін қалыптастыру;

"АҚБЖ" жүйесін басқарудың принциптерін айқындау мәселелерін шешсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 22 мамырдағы  
N 861 қаулысымен  
бекітілген

Халықаралық, қалалық және қала маңындағы қатынастарда 2007 жылға дейін автомобиль көлігімен тасымалдауларды бақылау және ақпараттық қамтамасыз етудің республикалық автоматтандырылған жүйесін құрудың

## Тұжырымдамасы

### I. Жүйенің жалпы сипаттамасы мен оны әзірлеудің принциптері

Автомобиль көлігімен тасымалдаулардың тиімділігін арттыру көлік құралдары мен жүк қозғалысын басқару мен бақылау процестерін ақпараттандырумен тікелей байланысты, осы проблеманы шешу халықаралық, қалааралық, қалалық және қала маңындағы қатынастарда автомобиль көлігімен тасымалдауларды бақылау мен ақпараттық қамтамасыз етудің республикалық автоматтандырылған жүйесін құруды көздейді (бұдан әрі - "АҚБЖ" жүйесі).

"АҚБЖ" жүйесі мыналарға арналған:

халықаралық және қалааралық тасымалдаулардың ұйымдастырылуын жетілдіруге;  
көлік қызметтері рыногының тиімділігін арттыруға;  
жолдарды ұтымды әрі тиімді пайдалануға;  
тасымалдаушылардың көлік заңдары мен Жол қозғалысы ережелерін сақтауына бақылау жасауды жетілдіруге;

жүргізушілерге ақпараттық қызмет көрсетуге және көлік құралдарының сақталымын қамтамасыз етуге арналған.

"АҚБЖ" жүйесін әзірлеу негізіне мынадай басты принциптер алынған:

1. Қазақстан аумағындағы, қалалар мен елді-мекендерді қоса алғанда барлық автожолдар бірыңғай бақыланатын кеңістік ретінде қаралады.

2. Үлгісіне, түріне және тиесілілігіне қарамастан халықаралық және қалааралық тасымалдауларды жүзеге асырушы барлық автокөлік құралдары бақылау объектілері болып табылады.

3. Жүйенің жұмыс істеуі республика жолдарындағы автокөлік құралдарының қозғалысын автоматтандырылған қашықтықтан бақылау мен есепке алу процесін білдіреді.

4. Ақпараттық технология мен техникалық база перспективалық талаптарға сәйкес болуы және жүйені жетілдіру мен дамытудың мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

5. Жүйенің элементтік базасы стандарттау, бірдейлендіру талаптарына сәйкес болуы және оны радиоэлектрондық бейіндегі отандық кәсіпорындарда сериялық шығару мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

6. Жүйені құру кезінде қазіргі бар автокөлік кешенінің құрылымы және телекоммуникациялар мен байланыстың қазіргі бар мүмкіндігі барынша пайдаланылуы тиіс.

7. Жүйені әзірлеу мен оны өндіру шешілетін міндеттердің басымдығы, қажетті

құралдарды тартудың және қолданылып жүрген заңдардың мүмкіндігі ескеріле отырып , кезең-кезеңмен жүзеге асырылуы тиіс.

"АҚБЖ" жүйесін құру үш кезеңнен тұрады:

I кезең - Қазақстан Республикасындағы халықаралық автомобиль тасымалдаулары кезінде көлік құралдарын және жүк қозғалысын бақылау мен ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу мен енгізу;

II кезең - қалааралық тасымалдаулар кезінде көлік құралдары мен жүк қозғалысын бақылау мен ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу мен енгізу;

III кезең - қалалық және қала маңындағы автокөлік құралдары мен жүк қозғалысын ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу мен енгізу.

1-кестеде көрсетілген жалпы сипаттамасы келтірілген.

"АҚБЖ" жүйесінде мыналар көзделуі тиіс:

көлік құралдары жабдықталатын пластикалық кәртішке түрінде (smart-cart типі) орындалған, көлік құралдарының электронды төлқұжаты (КҚЭТ) - кодталған ақпараттың ауысымды таратқышы бар автоматты қашықтық бірдейлендірмелер (АҚБ);

автоматты бақылау пункттері (АБП), олар автотұрақтарда, автопарктерде, көше қиылыстарында автожолдар бойында немесе Мемлекеттік автоинспекциясы патруль қызметінің жылжымалы құралдарында орналасады және АҚБ-дан кодталған ақпаратты қашықтық қабылдауды қамтамасыз етеді;

жүйе элементтері мен пайдаланушылар арасында ақпараттық өзара іс-әрекетті қамтамасыз етуші орталық диспетчерлік пункті (ОДП), бақылау-диспетчерлік пункттері (БДП) және телекоммуникациялық желі (ТЖ).

Жүйе схемасының құрамы мен жұмысы 1-суретте келтірілген.

## II. Жүйенің мақсаттары мен шешетін міндеттері

"АҚБЖ" жүйесінің мақсаттары мен шешетін міндеттері сондай-ақ өзінің пайдаланушыларына көрсететін қызметтері 2-кестеде келтірілген.

"АҚБЖ" жүйесі:

көлік құралдарын жүргізушілерді жол желілерінің жай-күйі, ауа-райы мен бағыт алған маршрутының жағдайы туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз етуге;

жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларды халықаралық және қалааралық тасымалдаулар кезінде көлік құралдары мен жүктердің тұрған жері мен жай-күйі туралы жедел хабарландыруға;

көліктік-экспедиторлық және жалдаушы фирмаларға тікелей және қайтар бағытта көлік құралының тиімді пайдаланылуын, бос тұруын азайту, көлік операцияларының тиімділігін арттыруда жұмыспен ұтымды қамтамасыз етуді жоспарлау үшін көлік құралының қозғалысы туралы хабарлап отырады;

Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы қызметінің саласында мүдделерін қамтамасыз ету үшін:

- а) қозғалыс қауіпсіздігін арттыру үшін жүргізушілердің Жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтауын бақылау;
- б) көлік құралдарының тиесілілігіне қарамастан оларды айдап алып кету (ұрлауды) болдырмау үшін автокөліктің заңсыз пайдаланылуына жедел бақылау жасау;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетіне кеден қызметінің алдында тұрған міндеттерін тиімді шешу үшін көлік құралдары қозғалысының маршруттары, жүк жеткізу мерзімі туралы ақпарат пен қажетті ақпарат беру.

Жүйенің принципті ерекшелігі бақылау операцияларының барлығы жүргізушінің қатысынсыз көлік құралының қозғалысы процесінде қашықтықтан жүзеге асырылады. Бұл көлік құралдарын тиісті тексеру үшін тоқтату қажеттігін және жүргізушілерді тікелей міндеттерін орындаудан назарын бөлуді болдырмайды.

### 1-кесте

#### Кезеңдердің негізгі сипаттамалары

N	Негізгі жұмыс бағыттары	Бақыланатын	Бақыланатын	Кезеңдерді
I	Қазақстан Республикасындағы	Республика.	20 000	3 жыл
	халықаралық автомобиль та.	лық маңызы		
	сымалдаулары кезінде көлік	бар автома.		
	құралдары мен жүк қозғалы.	гистральдар		
	сын бақылау жүйесін әзірлеу	Ұзындығы		
	мен ендіру	L=13 000 км		

II	Қазақстан Республикасындағы	Облыстық	550 000	4 жыл
	халықаралық автотасымалдар	маңызы бар		
	кезінде көлік құралдары мен	автожолдар		
	жүк қозғалысын бақылау және	Ұзындығы		
	ақпараттық қамтамасыз ету	L-40 000 км		
	жүйесін әзірлеу мен ендіру			
	(жұмыстар бірыңғай жүйеге			
	енгізіле отырып, аймақтар			
	бойынша орындалады)			
<hr/>				
III	Жүктер мен жолаушыларды	Қалалар мен	1 600 000	2-3 жыл
	қалалық және қала маңындағы	елді-мекен.		
	тасымалдаулар кезінде көлік	дердің		
	құралдарының қозғалысын	жолдары		
	бақылау және ақпараттық			
	қамтамасыз ету жүйесін			
	әзірлеу мен енгізу (жұмыс.			
	тар жекелеген қалалар мен			
	елді-мекендер бойынша			
	орындалады)			
<hr/>				

## 2-кесте

### Мақсаттар, міндеттер мен көрсетілетін қызметтер

Рет	Мақсаттар	Жүйенің шешетін міндеттері			Көрсетілетін
NN					қызметтер
	I кезең	II кезең	III кезең		

1	Халықаралық	1. Жол желілері, гидроме.		Жол желілері,
	және қала.	теорологиялық жағдайлар		ауа-райы, жол
	аралық	мен жол жағдайының жай-		жағдайы тура.
	тасымалдау.	күйі туралы деректерді		лы жедел
	ларды ұйым.	жинау		ақпарат беру
	дастыруды	2. Жол жағдайы мен көлік		Жүк тасыма.
	жетілдіру	құралдарының параметрле.		лындағы
		рін ескере отырып, авто.		ұтымды мар.
		көлік тасымалдауларын		шруттар тура.
		маршруттандыру		лы ақпарат
		3. Жүк тасымалдауды жүзе.		беру
		ге асырушы көліктерді		Жөнелтушілер.
		қарау		ге, жүк алу.
		- республи.  - облыстық		шыларға, кө.
		калық маңызы маңызы бар		лік иелеріне
		бар жолдарда жолдарда		көлік құралы
				мен жүктердің
				тұрған жері
				мен жай-күйі
				туралы жедел
				хабар беру

---

2	Көлік	Жүктерді тасымалдаулар		Машина иелері
	қызметі	кезінде автомобиль жұмы.		мен көліктік-
	нарқының	сын есепке алу, талдау		экспедиторлық
	тиімділігін және бақылау			кәсіпорындар.
	арттыру	шетелдік  отандық		ға жүк тасы.
		автотасымал. автотасымал.		малына сұра.
		даушылармен  даушылармен		нысы және
				көлік, авто.
				көлікті
				тікелей және
				қайтар бағыт.
				та жұмыспен
				қамтамасыз
				ету, бос
				тұрып қалушы.
				ғылын азайту
				және т.б.,

| жоспарлау  
| мүддесінде  
| оның қозғалы.  
| сы туралы  
| ақпарат беру

3 | Жолдарды | Республика автожолдарында | Қалыпқа кел.  
| пайдалану | көлік құралдары қозғалы. | | тіру жұмыс.  
| мен | сының жиілігі туралы | | тарын жос.  
| сақтаудың | деректер жинау | | парлау мен  
| тиімділігін | | | қаржыландыру  
| арттыру | | | жол желіле.  
| | | | рінің дамуын  
| | | | негіздеу  
| | | | мүддесінде  
| | | | жолдағы нақ.  
| | | | ты көліктік  
| | | | жүктелім  
| | | | туралы  
| | | | хабарлау

4 | Автотасы. | 1. Халықара. | Лицензия бар екендігін және | Бақылау тұ.  
| тасымалдау. | лық жүк | оның автотасымалдаушының | рақты немесе  
| шылардың | тасымалдау. | қызметіне сай болуын | жүргізушінің  
| көлік | ларын жүзеге | бақылау | қатысынсыз  
| заңдарын | асыру кезін. | | көлік құра.  
| сақтауын | де құжаттар. | | лының қозға.  
| бақылау | дың талап. | | лысы кезінде  
| | тарға сәйкес | | қашықтықтан  
| | болуын бақы. | | жүзеге асы.  
| | лау | | рылады  
| | 2. Маршрут. | Лицензиямен рұқсат берілген | (яғни, тек.  
| тың сақта. | автотасымалдаушының қызмет | серу үшін  
| луын бақылау | аясын сақтауын бақылау | көлікті тоқ.  
| | 3. Қазақстан | Автотасымалдаушының қызмет. | тату және  
| аумағында | ке лицензиямен рұқсат | жүргізушіні  
| болудың рұқ. | етілген мерзімді сақтауын | өзінің тіке.  
| сат етілген | бақылау | лей міндет.  
| мерзімін | | терін орын.

	сақтау		даудан уақы.
			тын алу
			болмайды)
5	Жол қозға.		1. Көлік құралының жүргізу.
	лысы ереже.		шісінде құжаттарының тірке.
	лерінің		луін бақылау (ЖҚЕ 3.1,
	(ЖҚЕ)		3.2 т.т.)
	сақталуына		2. Көлік құралының Мемавто.
	бақылау		инспекцияда тіркеу талапта.
	жасау		рының орындалғанын бақылау
			(ЖҚЕ 26.1, 26.2 тт)
			3. Көлік құралының мемле.
			кеттік кезеңді техникалық
			қарап-тексеруден өтуі
			жөніндегі талаптарының
			орындалуын бақылау
			(ЖҚЕ 25.3 т.)
6	Жүргізуші.		1. Автожолдардағы авариялар мен оқиғалар
	лерге көмек		жөнінде дабылдарды қабылдау мен жеткізу
	көрсету		жағдайларда
	және көлік		көлік құрал.
	құралының		дарының жүр.
	сақталуын		гізушілеріне
	қамтамасыз		жедел көмек
	ету		көрсету
			2. Автомобильдерді рұқсат.
			Айдап алып
			сыз пайдалану және оның
			кетілген
			тұрған жері туралы дабыл
			автомобиль.
			хабарын қабылдау
			дерді іздеу
			мен қайтару,
			автокөлік
			құралдарының
			ұрлануын
			болдырмау

№ 1-сурет. Автокөлікті бақылаудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК